

«Әжемнің ертегісі»

Мақсаты: Ертегілер еліне саяхат жасау арқылы балалардың тілін, сөздік қорын молайту. Ой-өрісін, сана-сезімін жан-жақты дамыта отырып, баланың бойына озық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді сіңіретіндей, имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу. Балалар заттардың айқын образын көрсете білуге, ертегілер туралы түсініктерін бекіте отырып, тілдерін ойлау қабілеттерін дамыту.

Бөлімдер арқылы балалардың ертегілерді тыңдау, әңгімелеу, әртүрлі сұрақтар қою арқылы сөздік қоры артып, еркін сөйлеуге үйренеді. Бұл арнайы ұйымдастырылған бағдарламада дамыту, тәрбиелеу сабақтары балалардың тіл байлығын қалыптастырады. Сондай-ақ ертегіні білуге, әңгімелеуге ғана үйретіп қоймай, балалардың эстетикалық талғамын, білімін, сөйлеу нақышын, қызығушылығын артыратыны анық. Жасалып жатқан іс-шаралар балалардың көңілінен шығып, әр кезекті ертегіні олар асыға, қызығушылықпен күтеді. Ертегінің көркем де жеңіл тілі баланың қиялына қанат бітіріп, арманын асқақтатып, еңбексүйгішкке, адалдыққа тәрбиелейді. Балалардың білуге құмарлығы зор. Олар құбылтып айтқан ертегіні әңгімені сүйсіне тыңдайды. Бұл ертегі әлемі «Жеті лақ» ертегісі балалар өте қызығушылықпен зейін салып тыңдап отыр. Лақтардың қуыршақтарын қолдарына киіп, дауыс ырғақтарымен сөйлеп үйреніп жатыр.